6D030100 – «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбындағы Есжанов Ерлан Боранбаевичтің диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Е.Б. Есжановтың «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдірудің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне арналған.

1. Зерттеу жұмысының өзектілігі, оның ғылым мен практика үшін маңыздылығы және байланысы

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері қоғамдық-саяси және экономикалық салаларда ауқымды өзгерістер жүзеге асырылғанымен, сыбайлас жемқорлық мәселесі әлі де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Ол мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне кері әсер етіп, заң үстемдігінің қамтамасыз етілуіне, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, әлеуметтік әділеттіліктің орнығуына кедергі келтіруде. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін төмендетіп, елдің экономикалық дамуы мен ұлттық қауіпсіздігіне елеулі қатер төндіреді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған жолдауларында сыбайлас жемқорлықтың әртүрлі салаларда әлі де кең таралғанына назар аударып келеді. Президент 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында сәулет-құрылыс саласындағы шамадан тыс бюрократияның жемқорлық тәуекелдерін арттыратынын атап өтті. Сондай-ақ бюджет қаражаты мен жалпыұлттық байлықты заңсыз иемденуге бағытталған әрекеттерді ұйымдастырушыларды анықтау, жемқорлық схемаларының жасырын тетіктерін ашу және олардың түпкілікті тәсілдерін әшкерелеу қажеттігіне ерекше мән берілді.

Берілген статистикалық мәліметтер де сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тиімділігін арттыру қажеттігін көрсетеді. Мәселен, 2024 жылы сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша 1641 іс тіркелген. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 3%-ға төмендегенімен, аталған кезеңде өндірісте барлығы 2310 қылмыстық іс болған. Олардың тек 1641-і, яғни 71%-ы бойынша өндіріс аяқталған. Сонымен бірге онша ауыр емес қылмыстар саны 21%-ға, ауыр қылмыстар 13%-ға, ал аса ауыр қылмыстар 27%-ға артқан. Бұл сыбайлас жемқорлық фактілерінің жалпы саны біршама азайғанына қарамастан, олардың қоғамдық қауіптілік деңгейі жоғарылап келе жатқанын аңғартады.

2024 жылы 1421 қылмыстық іс бойынша өндіріс аяқталып, оның 1249-ы сотқа жіберілген, ал 290 іс ақтауға жатпайтын негіздер бойынша тоқтатылған. 2025 жылы сыбайлас жемқорлық фактілеріне қатысты 1052 қылмыстық іс тіркеліп, соның 860-ы сотқа жолданған. Аталған деректер құқық қорғау органдары жүргізіп жатқан жұмыстың нәтижелілігін көрсеткенімен, өндірісте аяқталмай қалған істердің болуы, жемқорлық қылмыстарының күрделі әрі

жасырын сипат алуы және аса ауыр қылмыстар үлесінің өсуі қолданыстағы тергеу әдістемесін одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары көбінесе алдын ала жоспарланған жасырын схемалар, жалған құжаттар, делдалдар, қызметтік өкілеттіктерді пайдалану және қаржылық операцияларды бүркемелеу арқылы жасалады. Сондықтан мұндай әрекеттерді анықтау мен дәлелдеу тергеушіден арнайы кәсіби білімді, заманауи криминалистикалық құралдарды, цифрлық және қаржылық іздерді талдау дағдыларын талап етеді. Бұдан бөлек, тергеу, жедел-іздестіру, қаржылық мониторинг және сараптама органдары арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажеттілігі туындайды.

Осыған байланысты «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбының өзектілігі жемқорлық әрекеттерінің жаңа тәсілдерін анықтауға, оларды тергеудің тиімді алгоритмдерін әзірлеуге, дәлелдемелерді жинау мен бекітудің заманауи құралдарын енгізуге және қылмыстық істердің сапалы әрі уақтылы аяқталуын қамтамасыз етуге деген қажеттілікпен айқындалады. Тергеу әдістемесін ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың нәтижелілігін арттырып қана қоймай, мемлекеттік билікке деген қоғамдық сенімді нығайтуға және елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2. Жұмыстың теориялық және тәжірибелік құндылығы.

Диссертациялық зерттеудің теориялық құндылығы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің криминалистикалық негіздерін жүйелеу және одан әрі дамыту арқылы айқындалады. Зерттеу барысында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы нақтыланып, олардың жасалу және жасырылу тәсілдері, қылмыскердің жеке басының ерекшеліктері, қылмыстың іздері мен өзге де маңызды мән-жайлар өзара байланыста қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің ғылыми тұжырымдарын толықтыруға, осы қылмыстарды анықтау мен дәлелдеуге қатысты теориялық көзқарастарды жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің қазіргі заманғы нысандары, оның ішінде цифрлық технологияларды, жалған құжаттарды, делдалдарды және күрделі қаржылық схемаларды пайдалану ерекшеліктері зерделенеді. Соның негізінде аталған қылмыстарды тергеу әдістемесінің мазмұны мен құрылымына қатысты ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленеді.

Зерттеудің тәжірибелік құндылығы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау, ашу және тергеу барысында құқық қорғау органдарының қызметкерлері қолдана алатын нақты ұсыныстар мен әдістемелік ұсынымдардың әзірленуімен сипатталады. Ұсынылған нәтижелер тергеушілерге бастапқы тергеу жағдайын дұрыс бағалауға, ықтимал тергеу нұсқаларын құруға, дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтауға және тергеу әрекеттерінің тиімді реттілігін белгілеуге көмектеседі.

Зерттеу аясында пара алу немесе беру, бюджет қаражатын заңсыз иемдену, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану және өзге де жемқорлық әрекеттері бойынша құжаттарды алу мен зерттеу, тінту, жауап алу, беттестіру, мүлікке

тыйым салу және сот сараптамаларын тағайындау ерекшеліктеріне қатысты ұсынымдар қалыптастырылуы мүмкін. Сондай-ақ цифрлық дәлелдемелерді табу, бекіту, алу және зерттеу, қаржылық операцияларды талдау және қылмыстық жолмен алынған активтердің қозғалысын анықтау тәсілдерін жетілдіруге назар аударылады.

3. Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес айқындалып, кіріспеден, үш негізгі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Зерттеу жұмысының кіріспесінде тақырыптың өзектілігі негізделіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, объектісі мен пәні белгіленеді. Сонымен қатар зерттеудің әдіснамалық негіздері, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңызы, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар мен зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құқықтық және криминалистикалық табиғаты кешенді түрде зерттелген. Атап айтсақ, бірінші бөлімде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы қарастырылып, олардың ұғымы, белгілері, түрлері және қылмыстық заңнамада көзделген құрамдық ерекшеліктері талданады. Сонымен бірге сыбайлас жемқорлық қылмыстарының трансұлттық сипаты ашылып, қылмыстық әрекеттердің бірнеше мемлекеттің аумағын қамтуы, шетелдік қаржылық операциялар мен активтердің қозғалысы және осы жағдайлардың тергеу процесіне әсері зерделенеді. Осы бөлімде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы да қарастырылады. Онда қылмыстың жасалу жағдайы, тәсілдері, іздері, қылмыскердің жеке басы және өзге де криминалистикалық маңызды элементтер арасындағы байланыс қарастырылады. Сондай-ақ, бірінші бөлімде сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлғаның әлеуметтік-демографиялық, кәсіби, психологиялық және мінез-құлықтық ерекшеліктері талданып, осы қылмыстарды жасау тәсілі олардың криминалистикалық сипаттамасының негізгі элементтерінің бірі ретінде зерттелді.

Диссертациялық жұмыстың екінші бөлімі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруді ұйымдастыруға, тергеу нұсқаларын қалыптастыруға және нақты тергеу жағдайларында тиімді шешімдер қабылдауға арналған. Нақтырақ айтсақ, екінші бөлімде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында қалыптасатын типтік тергеу нұсқалары және тергеп-тексеруді жоспарлау мәселелері қарастырылады. Қолда бар бастапқы ақпаратты бағалау, дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтау, тергеу әрекеттерінің реттілігін белгілеу және тергеудің жалпы әрі жеке жоспарларын әзірлеу ерекшеліктері талданады. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әртүрлі кезеңдерінде қалыптасатын типтік тергеу жағдайлары жүйеленіп, олардың әрқайсысына сәйкес қолданылатын ұйымдастырушылық, процессуалдық және тактикалық шаралар зерделенді.

Диссертациялық жұмыстың үшінші бөлімінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша дәлелдемелерді анықтауға, жинауға, бекітуге және тексеруге бағытталған негізгі тергеу әрекеттерін жүргізудің процессуалдық және тактикалық ерекшеліктері қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың қорытындысында жүргізілген зерттеудің негізгі нәтижелері жинақталып, авторлық тұжырымдар баяндалды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіруге, тергеу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға және құқық қолдану тәжірибесінде кездесетін мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар берілді.

4. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің қазіргі жай-күйін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан кешенді зерттеумен айқындалады. Зерттеу барысында құқық қорғау органдарының осы санаттағы қылмыстарды анықтау, ашу және тергеп-тексеру тәжірибесі жан-жақты талданып, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасына тән негізгі заңдылықтар жүйеленді. Сонымен қатар аталған қылмыстардың белгілерін анықтау ерекшеліктері нақтыланып, оларды жасау және жасыру тәсілдері, қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері мен қылмыстық әрекет нәтижесінде пайда болатын іздердің өзара байланысы айқындалды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеру барысында қалыптасатын типтік жағдайлар жіктеліп, соларға сәйкес негізгі тергеу нұсқалары мен тергеудің басым бағыттары белгіленді. Бұдан бөлек, оқиға орнын қарау, жауап алу, тінту жүргізу, тануға ұсыну және сот сараптамаларын тағайындау сияқты маңызды тергеу әрекеттерін ұйымдастыру мен өткізудің тактикалық ерекшеліктері негізделіп, тергеу жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми және практикалық ұсынымдар әзірленді.

5. Диссертациялық жұмысты жазудағы ізденушінің өзіндік жұмыс жасауы. Диссертацияда берілген қорытындылар мен ұсыныстар сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тәжірибесін жетілдіруде қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Дәлірек айтсақ, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде қылмыстық процестік заңнамаға сәйкес тергеу әрекеттерін жүргізудің кезектілігін сақтауға байланысты ұсыныстарды тәжірибеде толық пайдалануға мүмкіндік бар. Бұдан бөлек осы диссертациядағы берілген қорытындылар мен ұсыныстар сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін зерттеуге байланысты теориялық ілімді одан әрі ілгерілетуге ықпал етеді. Диссертация материалдары «Криминалистика», «жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемесі» пәндерін өткізу үшін оқу-әдістемелік материалдарды даярлауда қолдануға болады.

Осы зерттеудің жекелеген ережелері мен материалдарын оқу процесінде және жекелеген пәндерді оқу кезінде пайдалануға болады.

Диссертациялық зерттеу барысында Е.Б.Есжанов өзін тәжірибелі зерттеуші, мәселені және оны шешу шараларын нақты тұжырымдай алатын, мақсаттар мен міндеттерді, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесінің ерекшеліктерін анықтай алатын білікті маман ретінде көрсетті. Зерттеуші докторанттың аналитикалық қабілеттерін, оның проблемаға терең

енуге деген ұмтылысын және зерттелетін мәселенің мәнін, оның шығармашылық ойлауын, мәселенің шешімін іздеудегі тәуелсіздігін атап өткен жөн.

6. Диссертациялық жұмыстың сыннан өтуі.

Диссертациялық жұмысты жазу кезінде анықталған ғылыми ұсыныстар мен қорытындылар, ережелер халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинақтарында, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланып, апробациялаудан өтті.

Диссертация І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының базасында орындалып, талқылаудан өтті. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары ғылыми басылымдарда 5 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 3 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 1 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында жарияланды.

7. Ұсыныс

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Есжанов Ерлан Боранбаевичтің философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, қойылған талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберуді ұсынамын.

Ғылыми жетекші,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу
университеті құқықтық пәндер
кафедрасының профессоры,
заң ғылымдарының кандидаты **Б.А.Сериев**

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ
Қолы
РАСТАЙМЫН

КАДР САЯСАТЫН БАСҚАРУ БӨЛІМІ